

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 44-48.

ӘОЖ 94(091)(574)(045)

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ОТАНҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЫНТЫМАҚ-БІРЛІККЕ ЖЕТУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ

*Нұрбай Қ.Ж., профессор, т.ғ.д.
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті,
Астана қ.*

Бүгінгі таңда халықты мазалайтын мәселелер аз емес, атап айтқанда түйіні шешілмеген әлеуметтік, саяси мәселелер, оның ішінде халықтың әл-ауқаты, жылдан жылға тұрмыс деңгейінің төмендеуі, сөз бостандығының шектелуі, яғни Қазақстан азаматтарының құқықтарының қорғалмауы, т.т. Сондай түйткілді мәселелердің бірі – қоғамда ауызбіршіліктің болмауы, билік пен халықтың арасындағы алшақтық, түсінбеушілік, «мемлекеттік тіл» деген мәртебесі бар қазақ тілінің өз тұғырына қонбауы, сондай-ақ соңғы жылдары жиілеп кеткен ұлтаралық қақтығыстардың бой көтеруі. Осыған орай, бүгінгі таңда шынайы қазақстандық патриотизм қалыптасты ма деген сұрақтың туындайтыны рас. Сұраққа жауап берместен бұрын, алдымен қазақ патриотизмі бастауын қайдан алатынын анықтағанымыз абзал, ол үшін тарихқа жүгінейік.

«Отан отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған болса керек, өйткені «Отбасы», «Отан» – екі егіздей түбірі бір мағыналас ұғымдар. Осы ретте «Отанның» түп-қазығы «Отбасы» болғандықтан, бастауын отбасынан алатын Елге-Жерге, Отанға деген сүйіспеншіліктің түп-тамырын табу үшін, сөзсіз алғашқы қазақ тайпаларының, алғашқы қазақ мемлекетінің тарихына үңіліп қарағанымыз абзал. Өйткені ұлттық құндылықтарымыз, оның ішінде саяси құндылықтарымыз төл тарихымызда жатыр.

Қазақ ғалымдары «қазақ» деген сөз алғаш рет VIII ғасырға жататын қытай жазба деректемелерінде кездеседі» дейді («*Тан патшалығы тарихында*») [1, 19, 2,]. Басқа да пікірлер бар, кейбір ғалымдар қазақ тайпаларының шығуын X-XI ғасырларға жатқызса, енді біреулері XIII-XIV ғасырларға тиесілі деген пікір айтады. Сондай-ақ, араб саяхатшысы әрі жазушысы Мұхамет Аль-Ауфидің XIII ғасырда Үндістанда жазған кітабында «Алтайды мекендеген қарлықтар... тоғыз ұлысқа бөлінген, бұлардың ішінде үш тайпа шығыл, үш ұлыс қазақ бар», – деп айтқаны назар аударатын жайт [1].

Қазақтың әйгілі ғалымы Әлкей Марғұланның мәліметтері бойынша «Түрік қағандығы құлағаннан кейін (744-745 жж. – Қ.Ж.Н.) Сырдария өзені бойында «Алаш» деген атпен саяси одаққа біріккен көне қазақ тайпалары еді» [3]. Ғалымның айтуынша XIII ғасырда Алаш одағы Шығыс Дешті-Қыпшақ жерінде (*Қазақ жерінде*) «алты арыс Алаш Елі» түрінде сақталған, Ақ Орданың негізгі халқы осы «алты Алаш Елі» болды [3].

Моңғолияның танымал түрік-моңғолтанушы ғалымы Ислам Қабышұлы да «... қазақ халқы болса, осы кезден бастап (VIII ғ. ортасы – Қ.Ж.Н.) көптеген рулар мен ұлыстардан құралған Қарлұқ одағының негізін қалады. Демек, қазақтың халықтық негізіне алғашқы ұйтқы болған – Түркеш пен Қарлұқ одағы екен» (*«Еліміз Алаш, керегеміз ағаш» деген ұғым сол кезде қалыптасқан көрінеді – Қ.Ж.Н.*), – деп Ә. Марғұланның пікіріне қосылады [4]. Демек, Қарлық тайпаларының қазіргі оңтүстік Қазақстан, түркеш тайпасы мекен еткен аймаққа қоныс аударуының себебі Түрік қағанатының дәл осы VIII ғасырдың ортасында құлауы болды, сондықтан да аталған мемлекеттің құрамында болған қазақ тайпалары билікке келген яғлақар тайпасына (*Ұйғыр қағанаты*) бағынғысы келмей, өз алдына мемлекет құруға әрекеттенеді. Алтай мен Тарбағатайдан қоныс аударған қарлықтар (*ш.а. 750-760 жж.*) Орхон-Енесай түрік жазбаларында «үш қарлық» (*«үш ұлыс қазақ»*) деген атпен сақталғаны, сондай-ақ Қарлық қағанаты 200 жылға жуық уақыт қазақ жерінде дәуірлеп, қазақ мемлекеттігінің қалыптасуына елеулі үлес қосқаны тарихқы әйгілі [5]. Қарлықтар Одағына (*қазақ шежіресі бойынша - Алтай-Қарлық*) кірген және дәуірлеген тайпалардың бірі – болат-қарлықтарды М. Қозыбайтегі, Ж. Мырзақанұлы сияқты тарихшы-ғалымдар арғын тайпасына байланыстырады [7].

Ал енді түркештерге келсек, VII ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың бас кезінен бастап «Түркеш», «Түркеш-Алаш ұлысы» (*ғалымдар түркешті ежелгі үйсіннің орнын басып, дулаттың ішіндегі ең күштісі, қазақ шежіресінде «сары үйсін» атымен шыққан тайпа ретінде қарастырады [8]*) деген атпен көне қазақ тайпалары Батыс-Түрік қағанатында (*«Он оқ Елінде»*) билікке келіп, кейіннен Алтайдан ауып келген қарлықтардың қол астына бірігеді [8, 45 б.]. Түркеш қағанаты «... Алтай тауынан Тянь-Шань тауына, Баркөлден Арал теңізіне дейінгі аумақтағы он оқ тайпасын түгел биледі. Оның негізгі орталығы ежелгі үйсіндердің ата-мекенінде болды» [1].

Қазақ ғалымдары Қытай тарихшысы Су Бей Хайдың пікіріне сүйеніп түркештер қазақ тобына жататын көне түріктер және Түркеш қағанатын алғашқы Қазақ мемлекеті дейді [1, 5, 8]. Ж. Мырзақанұлы «Түркеш қағандығы дәуірінің қазақ тарихын зерттеуде төтенше маңызды бір дәуір екендігін көрсетеді», - деп салихалы ой айтады [8].

Академик М. Қозыбайтегі «... жазба деректер... «қазақ» атауының... тарихи шығуының ерте екендігін дәлелдейді..., ол алғашқыда жеке ру-тайпалардың аты ретінде жарыққа шыққан» - деп қытайлық зерттеуші-ғалым Н. Мыңжанның пікірін қолдайтынын айтады [7]. Академик-ғалымның айтуынша «қазақ» пен «қыпшақ» этнонимдері тарих сахнасына қатар шығып ру аты болған «қазақ» атауы қыпшақ халқының құрамында өзге ру-тайпалар

сияқты «қыпшақ» атын жамылып жүрген және «қазақ» атауының даңқы қыпшақ одағы әлсіреген, өше бастағанда ғана әйгілі болды» (*қыпшақтар болса, керісінше қазақ халқының құрамына жеке тайпа ретінде кірген – Қ.Ж.Н.*) [7].

Ж. Мырзақанұлының пікірі бойынша да «қазақ» ұлт аты болудан бұрын ру-тайпа аты болған, - сондай-ақ - ұзақ ғасырлар өту барысында біртіндеп тіл, территория, әдет-ғұрып және мәдениет бірлігіне қол жеткізген халық аты болған деген көзқарас барған сайын көптеген жазба және шежірелік аңыз деректермен дәлелденіп отыр» [8].

З. Қинаятұлы, Н. Мыңжан, М. Қани сынды қазақ ғалымдары да «қазақ» атауының, қазақ тайпаларының пайда болуын қыпшақ тайпасымен, олар қоныстанған аймақпен байланыстырады [2].

Ал «қыпшақ» атауы, «қыпшақ» этнонимі жазба деректемелері бойынша алғаш рет ұйғыр қағаны Элетміш Білгенің моласында табылған және VIII ғасырға жататын (759-760 жж.) «Селенгі тасына» жазылған («*түрік-қыпшақ*» нұсқасында) [9]. Демек, «қазақ» пен «қыпшақ» этнонимдері бір уақытта (*VIII ғасырдың ортасында*) және бір аймақта тарих сахнасына шыққан деуге негіз бар (*қыпшақтардың ата-қонысы солтүстік-батыс Алтай мен Ертіс алқабында болған, және де қарлықтардың да осы аймақта VIII ғасырдың ортасына дейін қоныстанғаны олардың аралас-құралас өмір сүргендерін көрсетеді [9,10, 11]*).

Қыпшақтардың аталған өңірді III-V ғасырларда (*қыпшақ тайпасына тиесілі әйгілі «жозарғы Обь мәдениеті»*), кейіннен VIII ғасырдың екінші жартысы мен X ғасырларда (*қимақ-қыпшақтардың «Сросткин мәдениеті»*) мекендегендерін археологиялық деректер дәлелдейді [9, 12]. Қыпшақтарға тиесілі жоғарыда аталған екі мәдениетке де ортақ ұқсастық бар, атап айтқанда адам мәйітімен бірге жылқыны көму рәсімі жаппай сипатталған [9].

Сонымен, түркештер мен қарлықтар да, қыпшақтар да VIII ғасырдың екінші жартысында тарихқа алғашқы қазақ ру-тайпалары ретінде әйгілі болған және «қазақ» атауының тарих сахнасына алғаш рет шығуы да осы VIII ғасырға тиесілі екендігі күмән тудырмайды [7].

Міне сондықтан да, қазақ патриотизмі ұғымы VIII ғасырда Түркеш-Қарлық (*Алаш*) атты саяси одаққа біріккен қазақ тайпаларының арасында қалыптасты деп айтсақ қателеспейміз. Былайынша айтқанда, қазақ патриотизмнің үлгілері төл тарихымызда жатыр, атап айтқанда Отансүйгіштік, Отаншылдық сияқты киелі ұғымдар бастауын түркеш тайпасынан алатыны күмәнсіз, өйткені бұған жазба деректемелерінде сақталған мағлұматтар дәлел бола алады. Түркештердің өмірлік ұстанымдары (*кейінгі дәуірдегі қазақтарда сияқты*) «отбасы-ру-мемлекет» атты үштік қағидаға негізделген үйлесімдікте өмір сүру болды [5].

Түркештердің Отанды сүйюге бастайтын ұлттық құндылықтарының маңызы орасан зор. Өйткені Отанға деген сүйіспеншілік отбасыны, одан соң туған жерді (*ру*) құрметтеуден басталды деуге толық негіз бар. Яғни, отбасына, басқаша айтқанда ата-анасына деген сүйіспеншілік туған жерге деген сүйіспеншілікке (*руластарына, туыс-ағайындарына*), ал туған жерге

деген сүйіспеншілік Отанға деген сүйіспеншілікке жалғасып, қазақ патриотизмі үлгісі осылай қалыптасты деп сеніммен айта аламыз. Бұл жерде отбасы мен туған жер - кішігірім шаңырағымыз болса, «Отан» - ол біздің үлкен ортақ шаңырағымыз. Танымал түріктанушы-ғалымдар Т. Сұлтанов пен С. Кляшторныйдың «структура авестийского скотоводческого социума (*қола дәуіріндегі Андронов мәдениеті – Қ.Ж.Н.*), т.е. воплощение космического порядка среди людей предельно проста: глава дома, глава рода... и глава страны (*царь*)», - деп жазған пікірі түркеш тайпасының ұлттық құндылықтарының түп-тамыры тым тереңде жатқандығын көрсетеді [9].

Ру-тайпалық негізде құрылған көшпелі қазақ қоғамында да отбасы мен оның жалғасы аталық тектің (*рудың*) маңызы зор болған, өйткені қазақтардың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, заңдары, ұлттық құндылықтары мен дүниетанымы – барлығы рулық қатынасқа негізделген еді.

Біздің пікірімізше, жоғарыда аталған «отбасы-ру-мемлекет» атты ұлттық қағидаттың үш бөлегінің әрқайсысының астарында «қан» ұғымы жатыр. Біріншісі, «отбасыға» келсек, ол «отағасы-әке» дегенді білдірсе керек, өйткені «қан» сөзінің көне түрік тіліндегі түп-нұсқасы «әке» деп аударылады екен [13]. Екінші бөлегі туыстық негізде құрылған «ру» ұғымының астарында туыстық байланысты білдіретін «қан» деген ұғым жатса (*адам ағзасында ағатын қан*), үшінші, «мемлекет» деген ұғым – «мемлекет басшысы» деген ұғымды, яғни «қан-хан» деген мағынаны білдірсе керек (*оғыз тілінің ықпалымен «қан» - «ханға» айналған*). Басқаша айтқанда, «отбасы-отағасы» «рубасына», «рубасы» «мемлекет басына» айналған көрінеді.

Түрікшілдік азаттық қозғалысының әйгілі өкілі, ағартушы, ғалым З.В. Тоганның айтуынша, түркештер әскери жорыққа шыққанда шайқаста қаза болған жауынгерлерінің сүйектерін еттен ажыратып, теріге орап елдеріне әкеліп жерлеген екен [5].

Әйгілі түрік ойшылы, қоғам қайраткері Зия Гөкалптың пікірі бойынша «ұлттық ынтымақты күшейту үшін бәрінен бұрын отансүйгіштік моралін (*патриотизм*) күшейту қажет» [14]. Ежелгі түрік-қыпшақ тайпаларында «отансүйгіштік моралі өте күшті болған. Ешқандай түрік өз елі, яғни ұлты үшін өмірін... пидә етуден тартынбайтын. Өйткені ел Көктәңірінің жер бетіндегі көлеңкесі болатын» [14]. Түріктердің ортағасырлық ғалымы, түрік тілдерінің білгірі М. Қашғари «замандастарын... Отанды сүйеге... шақырады...» [15].

Еліне-жеріне, Отанға деген сүйіспеншіліктің үлгісі ретінде мысал айтсақ, араб жазба деректерінің мәліметтері бойынша, Мысыр елінде қыпшақ мәмлүктері билік жүргізген уақытта мемлекеттік маңызы бар мәселелер «сийаса» (*қазақ тіліндегі «саясат» сөзінің түп-төркіні аталған арабтың сөзі болса керек*), яғни «үш йаса-ясы» атты заңдар негізінде қаралып, мұсылмандық «шарифат» заңдары екінші орында тұрған [16]. Сондай-ақ, қыпшақ мәмлүктері жат елде өмір сүрсе де арнайы үкім шығарып әр сәрсенбі күні белгіленген жерде жиналып қымыз ішуді дәстүрге айналдырған екен [16].

Жоғарыда атап көрсетілген деректер туған жерге деген сағыныштың Отанға деген сүйіспеншілікке ұласқанын байқатады, яғни қазақ ру-тайпаларының бірте-бірте өздерін «қазақ» екендерін сезініп Қазақ деп аталатын Елге, үлкен Отанға деген азаматтық сезімін қалыптастырды.

Кейінгі дәуірлерде, атап айтсақ патшалық және кеңестік отарлық кезеңде қазақ халқы үшін басты мақсат тәуелсіздік пен ынтымақ-бірлікке жету болды. XX ғасырдың бас кезінде, қазақтың басына қиын заман туғанда ұлттық құндылықтарды ұран еткен, түріктілдес халықтардың ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, ұлттың (*түркістандық ұлттың*) саяси һәм рухани көсемі ұлы тұлға Мұстафа Шоқайдың мақсаты да ұлт тәуелсіздігі үшін күрес жүргізу болды [17]. Қазақтың ұлы ақыны, Алаш қайраткері Мағжан Жұмабай да «не көрсем де Алаш үшін көргенім

маған атақ ұлтым үшін өлгенім
мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер
істей берсін қолдарынан келгенін», - деп,

Отаны үшін, ұлты үшін өзін құрбан етуге дайын екендігін өлеңмен жырлаған еді [18].

Ал бүгін ше, шынайы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үшін не істемек керек?

Ең алдымен, тарихи сананы қалыптастыру керек, өйткені Қазақстанда тұрып жатқан барлық этностар өз Елінің, яғни Қазақстанның тарихын білуге міндетті. Әсіресе бұл жастар үшін маңызды.

Екіншіден, мемлекеттік қазақ тілі ұлтаралық қатынас тіліне айналуы тиіс, өйткені бүгінде қоғам қазақтілділер, орыстілділер болып екіге бөлінген, ауызбіршілік жоқ. Қазақстан азаматтары мемлекеттік тілді меңгермейінше қазақстандық патриотизм туралы айтудың өзі артық. Бұл мәселеге қатысты Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаев «... қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді...», - деп атап айтқан болатын [19]. Ал енді мемлекеттік қазақ тілі ұлтаралық қатынас тіліне айналу үшін ең бастысы, өсіп келетін жас ұрпақ ұлтына қарамай мемлекеттік қазақ тілінде білім алуы керек, яғни біртұтас қазақстандық ұлт қалыптастыру үшін орыстілді мектептер жаппай қазақ мектептеріне ауыстырылуы тиіс. 100 жылдан астам уақыт бұрын (*1922 ж., 12 сәуір*) Қырғыз (Қазақ) автономиялық кеңестік социалистік республикасының орталық атқару комитетінің алғашқы төрағасы С. Мендешевтің «недопустимо деление школы на русское и киргизское отделения, язык преподавания должен быть киргизским» деп айтқаны бүгінде өзектілігін жоғалтпаған [20].

Үшіншіден, руханилыққа басымдық беру, жастарды руханилыққа тәрбиелеу төтенше маңызды. Өйткені өскелең ұрпақтың Отанға, оның тарихы мен мәдениетіне, тілі мен дәстүріне, Еліне-Жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру үшін руханилыққа бару, дінге, иманға жығылу керек. Қазақтың әйгілі ғалымы «Ш. Уәлиханов қазақ қауымында рухани болмыстың басқа этностарға қарағанда әлдеқайда жоғары тұратындығын...» айтқан еді [1].

Төртіншіден. қоғамды, қоғамдық сананы отарсыздандыру, ойымызды еркін айтуға жағдай жасау аса маңызды, өйткені қоғамда кеңестік идеологияның ықпалы сезілуде, халықтың санасы қатты уланған.

Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қоғамды отарсыздандыруды жүргізу керектігін астарлап айтқан болатын: «Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды... Қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады!. ...Өткен ғасырдың басты екі идеологиясы – коммунизм (*яғни социализм*) және фашизм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде елес-идеологиялар ғасыры келмеске кетті! Енді... ұлттық болмысқа, ұлттық құндылықтарға негізделген шынайылық пен прагматизм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды» [21].

Былайынша айтқанда, әрекет етуге бағыт-бағдар берілді, ендігі кезек биліктің батыл әрекет етуі мен қоғамның үнсіз қалмауында! Қорыта келе айтарымыз, ынтымақ-бірлікке жету үшін Қазақстан азаматтары тіліне, дініне қарамай өз Елінің, өз Отанының шынайы патриоттары болу керек, ол үшін Түркеш-Қарлық (*Алаш-Қазақ*) дәуірінен бастап кешегі Алашқа дейін жалғасып жеткен тарихи сабақтастықты үзбей, ұлы бабаларымыз біздерге мирас еткен өсиетін, рухани хәм саяси құндылықтарымызды сақтай отырып, және оларды бүгінгі күннің талабына сай қоғамда қалыптасқан заңдылықтарға, жаңа жағдайға байланысты бейімдеп ұштастыра білуіміз тиіспіз, ең алдымен санамызды жаңғырту арқылы өзіміз де өзгеруіміз керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мұратхан Қани. Қазақтың көне тарихы [Текст]/ - А.: «Жалын», 1993.
- 2 История Казахстана в 5 томах. 2 том. [Текст]: - А.: «Атамұра», 1997.
- 3 Әлкей Марғұлан. Шығармалары. [Текст]: 13 том. - А.: «Алатау», 2012.
- 4 Ислам Қабышұлы. Тұран әлемі. [Текст]: - А.: «Санат», 2007.
- 5 История казахской государственности (древность и средневековье). [Текст]: А.: «Адамар», 2007.
- 6 История Казахстана в 5 томах. 1 том. [Текст]: А.: «Атамұра», 2010.
- 7 Манаш Қабашұлы Қозыбайтегі. Ата тарихы туралы сыр [Текст]/ Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының хабарлары. 1993. -№ 1.
- 8 Жакып Мырзақанұлы. Қазақ шежіресінің жазба тарихи деректермен байланысы жөнінде [Текст]/ Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының хабарлары. 1993. - № 1.

- 9 С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. [Текст]: А.: «Рауан», 1992.
- 10 В. Бартольд. 12 лекций по истории турецких народов Средней Азии. [Текст]: А.: «Жалын», 1998.
- 11 Лев Гумилев. Хунну. Хунны в Китае [Текст]: М.: «Айрис Пресс», 2003.
- 12 Ю.С. Худяков. Роль древних тюрков, кыргызов, кимаков и кыпчаков в трансляции культурных достижений в лесостепные и таежные районы Сибири в эпохи раннего и развитого средневековья [Текст]/ Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации. Сб. материалов международной научной конференции. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2008.
- 13 Древние тюркские диалекты и их отражение в современных (тюркских) языках. [Текст]: - Фрунзе: «Глім», 1971. Под редакцией Батманова И.А.
- 14 Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Түркі халықтарының тарихи ойы. [Текст]: 10 том. Астана: «Фолиант», 2006.
- 15 Азиз Нарынбаев. Махмұд Қашғари шығармашылығындағы түркі халықтары көзқарасының бейнеленуі. Әлемдік философиялық мұра [Текст]: Қазіргі түркі философиясы. 20 том- Алматы: «Жазушы», 2009.
- 16 Батыршаұлы Бақытты. Мысыр мамлук мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ. [Текст]: - Алматы, - 2005.
- 17 Мустафа Шокай. Туркестан – наша общая колыбель (Туркестан в документах личного архива М. Шокая 1920-1940 гг.). [Текст]: 1 том. - Алматы: «Қазығұрт», 2011.
- 18 Әбдімәлік Нысанбаев. Қазақстанның философиялық мұрасы және оның маңызы. Әлемдік философиялық мұра [Текст]: Қазіргі түркі философиясы. 20 том. [Текст]: - Алматы: «Жазушы», 2009.
- 19 «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // ҚР Президентінің ресми сайты.
- 20 ҚР Президентінің архиві. 139 қор. 2 тізбе. 4 іс.
- 21 Н.Ә. Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру [Текст]/ Егеменді Қазақстан. 2017 жыл, 12 сәуір.